



«Кескіндеме, мүсін және дизайн» факультеті
«Сән және киім дизайны» кафедрасы

Қазақстан Республикасындағы
«Киім дизайны» мамандығының
30-жылдығына арналған
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

Международная научно-практическая конференция,
посвященная 30-летию специализации
«Дизайн одежды» в Республике Казахстан

International Scientific and Practical Conference,
devoted to the 30th anniversary of the specialization
«Fashion Design» in the Republic of Kazakhstan

КИІМ ДИЗАЙНЫ:

ТЕОРИЯ, ӘДІСТЕМЕ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ

Дизайн костюма:

Теория, методика и практика

Costume Design:

Theory, Methods and Practice



Алматы, 2017
Almaty, 2017



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
Т. ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

«Кескіндеме, мүсін және дизайн» факультеті

«Сән және киім дизайны» кафедрасы



КИІМ ДИЗАЙНЫ: ТЕОРИЯ, ӘДІСТЕМЕ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ
ДИЗАЙН КОСТЮМА: ТЕОРИЯ, МЕТОДИКА И ПРАКТИКА
COSTUME DESIGN: THEORY, METHODS AND PRACTICE

*Қазақстан Республикасындағы
«Киім дизайны» мамандығының
30-жылдығына арналған
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
Международная научно-практическая конференция,
посвященная 30-летию специализации
«Дизайн одежды» в Республике Казахстан
International Scientific and Practical Conference,
devoted to the 30th anniversary of the specialization
«Fashion Design» in the Republic of Kazakhstan*

Алматы, 2017
Almaty, 2017

УДК 687.016

ББК 37.24

Д44

Д44 **Дизайн костюма: теория, методика и практика. Сборник материалов Международной научно-практической конференции, посвященной 30-летию специализации «Дизайн одежды» в Республике Казахстан.** / Казахская национальная академия искусств им. Т.Жургенова. Коллектив авторов // под редакцией Володевой Н.А. – М.: Издательство «Перо», 2017. – 5,7 Мбайт. [Электронное издание].

Киім дизайны: теория, әдістеме және тәжірибе.

Қазақстан Республикасындағы «Киім дизайны» мамандығының 30-жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. Ғылыми-зерттеу конференциясының мақала жинағы. – Алматы, 2017.

Costume design: theory, methods and practice.

Materials of the International Scientific and Practical Conference, devoted to the 30th anniversary of the specialization «Fashion Design» in the Republic of Kazakhstan. – Almaty, 2017.

ISBN 978-5-907016-42-2

В сборнике представлены материалы конференции «Дизайн костюма: теория, методика и практика», посвященной тридцатилетию со дня основания специализации «Дизайн одежды» в Республике Казахстан. В статьях участников конференции рассматриваются актуальные проблемы дизайна костюма, текстильной и легкой промышленности, дизайна, изобразительного и декоративно-прикладного искусства, а также истории и теории дизайна, изобразительного и декоративно-прикладного искусства. Затрагиваются также вопросы педагогики дизайн- и художественного образования.

УДК 687.016

ББК 37.24

ISBN 978-5-907016-42-2

© Казахская Национальная академия искусств им. Т.Жургенова, 2017

© Коллектив авторов, 2017

Уважаемые друзья!

30 лет прошло с тех пор, как впервые в Республике Казахстан на базе Алма-Атинского Государственного Театрально-художественного института была открыта новая и очень актуальная специальность - «Моделирование костюма». Современный дизайн костюма – сложная, комплексная область творческой и технической деятельности, находящаяся на стыке науки и искусства, несущая в себе традиции и новаторство. Требования, предъявляемые к знаниям и навыкам современных дизайнеров костюма, очень высоки. Это предопределило цель данной конференции – расширение и углубление научно-теоретической базы по нашей специальности.

Мы надеемся, что материалы, представленные в сборнике, будут полезны и интересны нашим коллегам – профессиональным дизайнерам и педагогам, будущим ученым, студентам.

Искренне благодарим всех авторов за активное участие в конференции и предоставление их новых идей и научных разработок.

С уважением и наилучшими пожеланиями,

Заведующий кафедрой «Мода и дизайн костюма»
Факультета «Живопись, скульптура и дизайн»
Казахской национальной академии искусств им. Т.Жургенова

Заслуженный деятель РК,
Отличник образования РК

Жумагалиев Муслим Садыкович

12. Связь эмоций и цвета. Electronic resource. Access mode: <https://shust.me/vzaimosvyaz-emoczij-i-czveta.html> (date of the application 10.03.2016).
13. Зрительные ощущения. Electronic resource. Access mode: <http://bookap.info/clasik/rubinshteyn/gl41.shtm> (date of the application 15.01.2017).
14. Психофизические характеристики воздействия цвета на человека. Electronic resource. Access mode: <http://www.dogmon.org/psihologiya-cveta-v-shkolnoj-forme.html?page=4> (date of the application 15.01.2017).

СӘН ИНДУСТРИЯСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАР

Шайзаданова Г.С.
магистр, аға оқытушы,
«Жеңіл өнеркәсіп және Дизайн» факультеті, «Дизайн» кафедрасы,
Алматы технологиялық университеті, Алматы қ.

Айтқұлова Б.Д.
магистр, оқытушы,
«Жеңіл өнеркәсіп және Дизайн» факультеті, «Дизайн» кафедрасы,
Алматы технологиялық университеті, Алматы қ.

E-mail: gulnar_11.78@mail.ru
balnur.doszhankyzy@mail.ru

***Abstract:** The article discusses the use of new methods and innovacionnye materials modern design and manufacturing on the development of collections of famous designers.*

Заман ағымына сай сән индустриясы қоғамдығы орнын жыл сайын инновациялық жаңалықтармен таң қалдырып келеді. Инновация дегеніміз – өндіріс факторларының жаңа комбинациялары немесе нарықтық маңызы бар жаңа нәтиже.

Тігін бұйымдары нарығына қатысты айтатын болсақ – жаңа тауарлар, өнім сапасының жаңа деңгейі, жаңа технологиялар мен жаңа материалдар, жаңа нарықты игеру және ұйымдастырушылық басқару іс-шараларын инновациялық жаңалыққа жатқызуға болады.

Сән индустриясында инновацияларды базалық, жақсартылған және жалған инновациялар деп бөледі:

Базалық инновациялар жаңа тауарлар, материалдар, технологиялар арқылы өткізу нарықтарында көрінеді. Олардың үлес салмағы аз болады және кезеңділікпен сипатталады;

Жақсартылған инновациялар жиірек кездеседі, олар ассортиментті модификациялайды және базистік идеяны дамытады. Көптеген тігін және аяқ киім-тері кәсіпорындарының ассортименттері келтірілген заңдылықтарға бағынатындықтан, нарықтың осы сегментінде инновация негізгі екі типке:

- Бұйымның сыртқы түрінің инновациялары;
- Конструкторлық-технологиялық деңгейге жеткізілген инновациялар деп бөлінеді.

Фирманың имиджін қалыптастырып, сақтап тұрудағы және оның бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы инновацияның ролі бірдей емес. Бұйымның сыртқы түрінің инновациялары тез өзгереді, олар фирмалық стильге ықпал етіп үлгірмей, көшірмелері жасалып, нарыққа тез тарап кетеді.

Кез-келген сауда орталығы осы тақырыпта халыққа жеткілікті ақпараттар таратады. Олар маусымдық ассортименттің маусым соңына қарай өнім түсінің, фактурасының, мөлшерлік сипаттарының және т.б. өзгерулері жайлы ақпараттарды таратады. Еуропаның алдыңғы қатарлы мода үйлері өз модельдерін жеңіл теңестіруге болатындай, алайда көшірмесін жасау мүмкін емес етіп жасайды.

Шанель сән үйінің ассортименті өте қызықты, инновациялық элементтермен ерекшеленеді мысалы: маталар фактурасында, костюмнің түс шешімдерінде (кеудеше мен астары бір түсте, сондай-ақ жакеттерді безендіруде арнайы ауырлатқыштар қолдану). Сонымен қатар, жобалаудың ерекше тәсілдері де бұйымдардың көшірмесін жасаудан сақтайды. Шанель өз модельдерін ешқашан арзандатылған бағалармен сатпайды, сатылмаған коллекциялар жойылады.

Қазіргі кездері қолданылатын материалдардың қасиеттері үлкен роль атқарады. «Маталар сәні» деген ұғымның пайда болуыбекер емес секілді.

Белгілі дизайнерлер мен сән үйлері коллекция жасау жұмыстарын маталардан бастайды, себебі бұйым тігілетін мата визит карточкасына айналады және эксклюзивтің кепілі болады.

Тоқыма өндірісіндегі инновациялық технологиялар ерекше қайталанбас өзіндік қасиеттері бар, нанобөлшекті, жаңа жоғары технологиялық материалдар жасауға қол жеткізді. Мысалы, итальяндық Allegri маркасы пальто мен плащтарды темір талшықты маталардан тіге бастады, бұл маталар термореттегіш (терморегулятор) және термооқшаулағыш (термоизолятор) ролін атқарады. Бұл матадан тігілген бұйымдардан су өтпейді, бірақ дененің дем алуына (ауаалмасуына) кедергі келтірмейді. Мұндай инновациялар өте жақсы нәтиже береді, яғни бұл маркалы бұйымдарға сұраныс өте жоғары болады.

Қазіргі кездері әлемдік экономиканың жаһандануына байланысты әр түрлі халықтардан, әр түрлі этникалық топтардан алынған ерекше түстер үйлесімі және ерекше мата фактуралары пайда бола бастады. Маталардың маусымдық пайдаланылуы өзінің өзектілігін жоғалта бастады. Қазіргі кездері жұқа шифонды күз-қыс маусымдық коллекцияларында көруге болса, керісінше, теріні жазғы ассортимент коллекцияларында кездестіруге болады.

Ұсынылған инновацияларды жіктеу (классификация) бойынша, мода индустриясындағы кәсіпорындардың қызметінің өндірістік және саудадағы стратегиялық бағытын анықтауға болады. Бұйымның сыртқы түрінің инновациялары ағымдағы кезеңнің міндеттерін шешуге көмектеседі. Олар: өнім өткізуді ұлғайту, жеткілікті қаражатсыз және брендсіз (тауар және фирмалық белгілер) жаңа ассортимент жасауға қол жеткізу. Сондықтан, жанадан құрылған көптеген кәсіпорындар алдыңғы қатарлы кәсіпорындардың іс-тәжірибесін қайталау стратегиясын ұстанады.

Конструкторлық-технологиялық деңгейге дейін жеткізілген инновациялар өнім ассортиментінің бәсекеге қабілеттілігін арттырады, кәсіпорынның нарықтағы орнын нығайтады, сонымен қатар кәсіпорынға стратегиялық мақсаттарды шешуге мүмкіндіктер тудырады. Екінші типтегі инновациялар дизайнердің жеке шығармашылығына байланысты, сондықтан олар брендтік бәсекеде артықшылыққа ие болуға мүмкіндік береді. Осындай жеке инновацияларға мысал ретінде Джорджио Арманиді келтіруге болады. Ол шындығында ерлер киімдері өндірісінде революция жасады, яғни силуэттің дәстүрлі қаттылығынан бас тартып, әлемде бірінші болып жұмсақ струялы крептерді қолдана бастады.

Сән индустриясындағы кәсіпорындардың алдында тұрақты туындайтын мәселелердің бірі – нарыққа ұсынылатын ассортиментті жаңалаудың деңгейі мәселесі. Инновациялық стратегияларды пайдалану үлкен нар-тәуекелге баруды қажет етеді. Оны жобалау, өндіріске енгізу, нарыққа шығаруға кеткен шығындардың орны толмай қалу қаупі бар. Нарық жаңа тауарды қабылдауға әлі дайын болмауы мүмкін.

Инновациялардың соңғы нұсқасы – жалған инновациялар. Оларда инновациялықтың белгілері өте аз кездеседі. Бұл нұсқа көбінесе өнімді өлшеп орау (расфасовка), таңбалау (маркировка) және буып-түюоперацияларында қолданылады.

Сән индустриясында инновациялық киімдердің бірден – бір қызметі – өмірімізді жеңілдету, ал нақты айтатын болсақ ауа-райының қолайсыздығын жайлы ету. Арнайы сол үшін парафин капсуласымен мата ойлап табылды. Бұл микрошариктерді мата талшықтарына, мысалыға нейлонға орнатуға болады. Жылы ауа – райы температурасында парафин сұйықтанып ериді. Айнала суық бола бастағанда, ол қатып жылу бөле бастайды. Алайда бұл жоба өзінің қымбаттылығымен және қатты жағдайынан сұйық жағдайына өту үшін және керісінше, қайта өндіруді қажет етеді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, өнеркәсіптің инновациялық дамуында үлкен бір мәселе бар екендігін айту қажет. Ол – дамудың жете түсінілмеген стратегиясы, бұл жағдай инновациялық үдерістің маңызын төмендетеді. Ал қалған мәселелердің барлығы осыдан келіп шығады. Көптеген жаңалықтар мен өнер табыстары өздерінің тұтынушыларын таппайынша нарықтық маңызға ие бола алмайды, яғни ешқашан инновация бола алмайды. Сондықтан қай салада болмасын жаңа ойларды ұсынып, инновациялық жаңалықтар жасамас бұрын халықтың қызығушылығын, өмір сүру салтын, мұқтаж, қажеттіліктерін зерттеп талдау жүргізу керек.

Әдебиеттер:

1. Аксенова М., Хромов Г. Современная энциклопедия: Мода и стиль. – М., Аванта+, 2002г. –479 с.
2. <http://365mag.ru/fashion/innovatsii-v-dizajne-odezhdy>

СИММЕТРИЯ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ЖАСТАР КОСТЮМІН ЖОБАЛАУДА ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жуманазарова А.Е.
магистр, оқытушы,
Алматы Технологиялық Университеті, Алматы қ.

E-mail: aliya_92.a@mail.ru

***Abstract:** This article is devoted to the peculiarities of the use of symmetry laws in the design of the modern youth suit. According to the laws of symmetry, the use of symmetry composite solutions in the youth suit, the symmetry modification and their application in designing depending on the design features were studied. At the same time, the basic laws of symmetry were observed. The results of the research show that the use of symmetry features in the design of clothing is important.*

Жеңіл өнеркәсіптің мақсаты - тұрғындарды әдемі, әр алуан, ең бастысы тиімді - жоғары сапалы киіммен және заман талабына сай болуын камтамасыз ету.

Қазіргі өркендеу кезеңінде тігін өндірісінде шығарылатын өнім ассортименті мен бұйым моделі сән өнері мен бағытына негізделіп, ғылыми-техникалық жаңалықтар негізінде шығарылған жаңа материалдардың түрі кеңінен қолданылатындықтан, болашақ мамандар бұйымды жобалауда жаңа заңдылықтар мен конструкциялық шешімдер